

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 ақпандағы N 105 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің "Еуразия мемлекеттік қызметшілерді оқыту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2006 жылға арналған сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік қызметшілерді шетелде оқытуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне заңнамада белгіленген **т ә р т і п п е н** :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген кәсіпорынмен мемлекеттік сатып алу **т у р а л ы** **ш а р т т а р** **ж а с а с у д ы** ;

2) жасалатын шарттарды 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Мемлекеттік қызметшілердің шетелдерде біліктілігін арттыру" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ жергілікті бюджеттердің тиісті бағдарламалар бойынша 2006 жылға арналған қаражаты есебінен қаржыландыру жүргізуді;

3) осы қаулыға сәйкес қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдау ұсынылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*